

Аймагамбетова Малика Муратовна
«Қазақстанның жаңалық газеттері мен сайттарының тақырыптарында
тасымалданған тұрақты тіркестер қолдану»
6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефератына

АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі қоғам өміріндегі БАҚ рөлінің артуымен, сапалы баспасөздің айқын үлгісі ретінде жаңалық мәтіндерінің маңызының еселенуімен, сондай-ақ қазіргі ақпараттық кеңістік тіліндегі айтарлықтай өзгерістермен, оны форматтау тәсілімен байланысты. Осы жағдай жаңалық ақпаратының маңызды бөлшегі болып табылатын тақырыпаттардың рөліндегі тасымалданған фразеологизмдерді кешенді талдауды қажет етеді.

Газеттер мен сайттардағы жаңалық тарату мәтіндеріндегі фразеологизм-тақырыпаттарды құрудың, ой елегінен өткізудің, қолданудың белсенді үдерістерін зерттеу, қазіргі орыс тіліндегі үдерістерді анықтау және сипаттау, соның ішінде оқырмандардың назарын аударудың және сақтап қалудың арнайы әрі ерекше риторикалық тәсілдерін зерттеу.

Тақырыпаттардағы фразеологиялық бірліктерді тасымалданған үдерістері әртүрлі тілдік құралдардың және олардың комбинацияларының көмегімен жүзеге асады – осылайша әмбебап ассоциативті ойлау арқылы туындайтын шындық пен оның таңбалануының арақатынасы пайда болады. Екіншілік номинация ұқсастық және/немесе шектестік бойынша ассоциацияларды қалыптастырады және оларды оқырмандардың фон білімімен немесе фразеологизмнің ішкі формасымен ұштастырады.

Газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы тасымалданған фразеологизмдерді зерттеудің **теориялық-әдіснамалық негізі** ретінде газет тілін (З.Ж. Аманбаева, Б.А. Ахатова, Н.Е. Бехер, З.Д. Блисковский, В.А. Вомперский, Е.В. Горин, А.С. Жуматова, Т.П. Зорина, Г.К. Ихсанғалиева, Л.Г. Кайда, В.Г. Костомаров, Г.С. Кусаинова, Э.А. Лазарева, А.С. Подчасов, Б.Х. Раимбекова, Н.В. Рачук, С.К. Роцин, Г.Я. Солганик, Г.А. Солтанбекова, А.Т. Таткенова, А.В. Фатина, И.М. Филипова, М.Ј. Adams, N. Bagnall, A. Bell); фразеологияны (Ю.Ю. Авалиани, А. Аманжолов, Г.Н. Амосов, В.Л. Архангельский, К.Х. Аханов, З.К. Ахметжанова, А.М. Бабкин, Д. Балакова, Ш. Балли, В.В. Виноградов, С.Т. Гаврин, Д.О. Добровольский, А.С. Елешова, М.Е. Есимжанова, Р.Е. Жайсакова, В.П. Жуков, Ж.К. Ибраева, С.Е. Исабеков, А.Т. Кайдаров, С.К. Кенесбаев, К.С. Косымова, М.М. Копыленко, А.М. Кунин, Б.А. Ларин, Е.В. Михайлова, В.И. Мищенко, В.М. Мокиенко, А.И. Молотков, А.Т. Назарян, С.Н. Ожегов, З.Д. Попова, А.Д. Райхштейн, Л.И. Ройзензон, М.Т. Сабитова, Г. Смагулова, В.Н. Телия, Б.Х. Хасанов, Н.М. Шанский, А.М. Эмирова, W. Fleischer); тақырыпаттарды құрудың

қызметтік және құрылымдық аспектілерін (В.Г. Адмони, П.В. Верховский, Е.М. Галкина-Федорук, С.И. Груздева, Г.К. Ихсанғалиева, О.С. Толмасова және өзгелері); тақырыпаттардың қызметіндегі бірқұрамды номинативтік және толымсыз сөйлемдердің типологиясын (Б.П. Ардентов, Л.Я. Биятенко, Ф.К. Биятенко, Ф.К. Буженик, С.Г. Ильенко, А.С. Попов, Н.И. Тарабасова, Н.А. Федотова, Н.Ю. Шведова, В.П. Шутова және т.б.); фразеологиялық номинацияны (Ю.А. Гвоздарев, Л.К. Жаналина, С.Е. Исабеков, А.К. Каиржанов, М.М. Копыленко, В.М. Никитевич, З.Д. Попова, В.Н. Телия, Т.В. Шевякова және басқалары) зерттеу саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың идеялары мен тұжырымдамалары алынды.

Зерттеудің **мақсаты** – орыстілді қазақстандық БАҚ-қа жататын газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы тасымалданған фразеологиялық бірліктер қызметінің ерекшеліктерін, түрлері мен өзіндік белгілерін анықтау.

Зерттеудің **міндеттері**:

– фразеологизмдердің табиғаты, екіншілік номинация үдерісіндегі олардың рөлі туралы отандық және шетелдік лингвистиканың тұжырымдамалары мен идеяларын теориялық тұрғыдан жинақтау;

– газеттер мен сайттардың жаңалық жеткізу мәтіндеріндегі фразеологиялық бірліктердің тасымалдануының құрылымдық-семантикалық сипаттамаларын зерттеу;

– газеттер мен сайттардағы жаңалық жеткізу мәтіндерінің тақырыпаттарындағы фразеологиялық бірліктерді құрудың түрлерін сипаттау;

– тақырыпат-фразеологизмдердің қызметтерін олардың тасымалдану (трансформациялану) түрлеріне сәйкес топтастыру;

– БАҚ-тағы жаңалық мәтіндері мен тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттар арақатынасының сипаттамасы және қағидаларын әзірлеу;

– Тұрақты фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдану түрлері мен олардың оқырмандар тарапынан түсінілуі арасындағы корреляция туралы сарапшы сауалнамасы.

Зерттеу нысаны – орыстілді қазақстандық газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы тасымалданған фразеологиялық бірліктер.

Зерттеудің пәні – орыстілді газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы тасымалданған фразеологизмдер қызметінің ерекшеліктері және өзіндік сипаты.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: қазақстандық газеттер мен жаңалық сайттарының тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттарды талдаудың интеграциялық ыңғайы негізінде, алғашқы рет:

– тақырыпаттының өз бетімен қалыптасқан анықтамасын пайдалана отырып жаңалық жеткізу мәтіндеріндегі фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдануына кешенді баға берілді;

– тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттар мен жаңалық мәтінінің мазмұны арасындағы мағыналық қатынастың көп түрі анықталды. Тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттардың екіншілік номинация үдерістеріне қатысуы жаңартылған мағынамен қатар, фразеологизмнің жалпы семиотикалық табиғатын көрсете отырып, жаңа таңбалық қызмет қызмет атқарады.

1. фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдану жолдары мен негіздері анықталды және сипатталды, қазақстандық газеттер мен сайттарда жиі кездесетін түрлері жүйеленді;

– Қазақстан БАҚ тақырыптарындағы фразеологиялық бірліктердің тасымалданған түрлері қарастырылған: айырбастау, мағына ауыстыру, қосу, компоненттерін ауыстыру, қысқарту, құрамын кеңейту және т.б.;

– тасымалданған тақырып-фразеологизмдердің коммуникативтік-прагматикалық қызметі сипатталған (номинативтік, эмоционалды-бағалауыштық, бейнелі-ирониялық және т.б.).

Зерттеудің материалы – жаңалық жеткізетін орыстілді газеттерден және сайттардан мақсатты іздеу және жаппай тандау тәсілдерімен алынған әртүрлі функционалды жүктемедегі 644-кежуықтасымалданған фразеологизм-тақырыпаттар. Зерттеу барысында анықталған тақырыпаттардың 156-сы қосымшада берілген, ал қалған 488-і диссертациялық зерттеуде талданған (137 – сайт тақырыпаттары, 351 – газет тақырыпаттары).

Тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттарды (олардың мәтіндерін) жинаудың негіздері ретінде келесі орыстілді қазақстандық газеттердің 2014-2017 жылдар арасында жарық көрген: «Казахстанская правда», «Деловой Казахстан», «Вечерний Алматы», «Вечерняя Астана», «Ақмолинские ведомости», «Время», «Деловая неделя», «Новое поколение», «Свобода слова», «Экспресс К», «Московский комсомолец в Казахстане», «Комсомольская Правда», «Трибуна», «Литер», «Караван», «Курсивъ», «Мегаполис», «Учитель Казахстана», «Спорт», «Прспорт»; және жаңалық сайттардың: www.vlast.kz, www.zakon.kz, www.tengrinews.kz, www.stan.kz және т.б. Диссертациялық зерттеуде орыстілді қазақстандық газеттер мен жаңалық сайттары материалы талданған. Талданған мақалалардың тақырыпаттары шектелмеді, дегенмен материалдардың басым бөлігі саяси және мәдени оқиғалар туралы жарық көрген.

Материалды жинау мен талдаудың әдістері және тәсілдері: сипаттау әдісі, сөздіктегі анықтамаларды семантикалық талдау, оқырмандардың тақырыпаттарды қабылдауы туралы болжамды және автордың интенциясын қайта құруға арналған интроспекцияның және инференцияның когнитивтік операциялары; контекстік талдау, салғастыру, тасымалданған фразеологиялық бірліктерді және оларды тақырыпаттарда қайта құрудың тәсілдерін жинақтау мен типтеу; фразеологизмнің түпнұсқасын іздеу және анықтау кезіндегі тасымалданған трансформациялық әдістің тәсілдері; сарапшымен сауалнама жүргізу әдісі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Шектес терминдер («тақырып» және «атау») қатарындағы «тақырыпатының» нақты терминологиялық қолданыста болмауы оның анықтамасын кешенді түрде қалыптастыруды қажет етті. Газет және жаңалық тарататын сайттар мәтіндерінің тақырыпаттары кез келген бұқаралық ақпарат құралдарының ең жиі оқылатын құрамдас бөлігі ретінде мәтін мазмұнының квинтэссенциясына; мәдени мәтіндердің әртүрлі түрлерін көрсететін семиотикалық бірлікке; өз мәтінімен тікелей корреляцияланатын (көбіне ассоциация деңгейінде) метамәтіндік бірлікке; біріншілік немесе екіншілік (прецедентті мәтін, фразеологизмдердің тасымалдануы және т.б.) номинативтік бірлікке; кодификациялайтын проспективті (оқырманды мәтін мазмұнына жетелейтін) және қайта кодификациялайтын ретроспективті (оқып болған соң мәтін мазмұнын ой елегінен өткізуге мүмкіндік беретін) бірлікке; коммуникативтік, ақпараттық, апелляциялық / әсер ету, экспрессивті-эмотивті, жарнамалық, интегративті, графикалық-ерекшелеу және өзге функцияларды оңтайлы атқаратын, мәтіннің тақырыптық және эстетикалық бүтіндігін сақтайтын көп қызметтік бірлікке; референтті (тақырып → шындық), креативті (мәтін → автордың коммуникативтік ұстанымы), рецептивті (мәтін → реципиенттің қабылдауы және сол туралы ойлауы) қызметтерді білдіретін полиинтенциялық бірлікке айналады. Фразеологизм-тақырыпаттардың тасымалдануын зерттеу барысында осы анықтама әдіснамалық тұрғыдан негізге алынды.

2. Қазақстандық газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы фразеологиялық бірліктерді тасымалдау– потенциалды мағыналарын анықтау, жаңа коммуникативтік жағдайларды құру және оларды эмоционалды толықтыру үшін дайын тұрақты тілдік блоктармен жұмыс жасау. Тасымалданған фразеологиялық бірліктер арқылы ұсынылған тақырыпаттар оқырманның назарын аудару және оны ұстап қалудың тиімді құралы. Олар белгілі үлгі бойынша құрылатын сөйлеу бірліктері ретінде пайдаланылады, мақала мазмұнымен референтті түрде байланысады, мақала тақырыбы туралы ақпарат жеткізеді, журналист және оқырман арасындағы байланысты қалыптастырады.

3. Қазақстандық БАҚ тақырыпаттарындағы фразеологиялық бірліктерді тасымалдаудың жиі кездесетін түрлері: *конверттеу* (бір немесе бірнеше құрамдас бөлікті алмастыру, лексикалық құрамды қысқарту, жаңа сөздерді қолданысқа енгізу) – 56%, *мағынаны ой елегінен қайта өткізу* – 27% и *комбинациялау* (құрамдас бөлігін ауыстыру және ой елегінен қайта өткізу, құрамдас бөлігін ауыстыру және құрамды қысқарту vs. толықтыру) – 17%.

4. Газеттер мен жаңалық сайттарының тақырыпаттарындағы екіншілік номинация көбіне семантиканы ой елегінен қайта өткізу немесе негізгі мәнге жаңа мән үстейтін тұтас бірлік арқылы пайда болады. Екіншілік номинацияның барлық түрінің негізіне тасымалдаланатын фразеологиялық бірліктерді дұрыс жеткізуге және осы трансформация тасымал түрлері арасындағы корреляцияның болуына vs. болмауына мүмкіндік беретін ойлаудың ассоциативтік сипаты алынады. Нақты болмысы немесе

мағынаның ішкі формасы туралы тіл иесінің фондық білімі негізінде бұрын алынған құбылыс қасиеттері және аталған құбылыстың өз қасиеттері арасындағы ұқсастықтар немесе шектестік бойынша ассоциациялау арқылы жаңа құбылысты атаудың жүзеге асырылатындығына сарапшылармен сауалнама жүргізу нәтижесінде көз жеткізілді.

Зерттеудің теориялық маңызы алынған нәтижелер фразеологизмдердің тақырыпат ретінде қызмет етуін кейін де зерттеуге мүмкіндік беретіндігімен анықталады. Екіншілік номинация ретінде фразеологизмдерді тасымалда мәселесінің ұсынылған, әлем туралы, олардың авторлық интерпретациясы және бағалауы туралы ассоциативтік-мағыналық білімге негізделген әзірлемесі тіл иесі санасында тілдік бірліктер арқылы жаңа концептілерді модельдеу кезінде қолданылуы мүмкін. Зерттеудің материалдары әртүрлі жанрдағы фразеологизмдерді тасымалдаудың мүмкіндіктері мен шекаралары туралы нақты түсінік қалыптастыруға жағдай жасай алады және сәйкесінше функционалды-семантикалық зерттеулердің, медиа мәтін және мәтіндік лингвистикашекарасын, кеңейтеі алады.

Зерттеудің практикалық маңызы диссертацияның теориялық тұжырымдары мен нәтижелерін фразеология, номинация теориясы, қазіргі баспасөздің тілін талдау, сөйлеу мәдениеті курстарын жоғары оқу орындарында оқыту барысында қолдану, сондай-ақ практикалық құралдарды және журналистиканың теориясы мен практикасы бойынша ұсыныстар жазу барысында пайдалану мүмкіндігі арқылы анықталады. Фразеологиялық бірліктерді тасымалдау мен вариациялаудың табиғаты, мүмкіндіктері және шекарасы туралы алынған нәтижелер олардың семиотикалық және функционалды ұйымдасуы мен қызмет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынуға мүмкіндік береді.

Диссертацияның апробациясы. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері туралы PhD докторанттардың ғылыми-әдістемелік семинарларында, Абай атындағы ҚазҰПУ орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының мәжілістерінде (2014 жылғы қыркүйек және 2017 жылғы мамыр аралығындағы), сондай-ақ халықаралық, республикалық ғылыми конгресстер мен конференцияларда бірнеше рет баяндама жасалды және ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, шетелдік ғылыми басылымда жарияланды. Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың жалпы саны – 18.

Диссертацияның негізгі ережелері Scopus ақпараттық базасына енетін Man in India ISSN 0025-1569 (2017, №97 (21) басылымында, халықаралық конгресстердің, конференциялардың және семинарлардың материалдарында; «Русский язык и литература в пространстве мировой культуры» (РИНЦ, Гранада қ., Испания, 2015 ж. 13–20 қыркүйек) XIII МАПРЯЛ Конгресінде; The V International Academic Congress "Fundamental and Applied Studies in EU and CIS Countries"(Cambridge, England, UK, 14-16 October 2015); «Проблемы филологии, культурологии и искусствоведения в свете современных исследований» (РИНЦ, Махачкала қ., Ресей, 2015 ж. 13 желтоқсан) XV-

халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында; «Современное состояние образования и смена парадигм в условиях полиязычия» (Астана, 2016 ж. 8–9 ақпан) халықаралық ғылыми-практикалық семинарында; «Наука в современном мире» (Киев қ., Украина, 2016 ж. 19 ақпан) VI халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында; XLV Халықаралық филологиялық конференцияда (Санкт-Петербург қ., Ресей, 2016 ж. 14-19 наурыз); «Фразеология и слово в художественном, публицистическом, народно-разговорном дискурсах» (Кострома қ., Ресей, 2016 ж. 18-23 наурыз) халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында; XIX «Аханов оқулары» халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда; «Язык как мягкая сила» (Алматы қ., 2016 ж. 29 сәуір); «Русский язык в языковом и культурном пространстве Европы и мира: Человек. Сознание. Коммуникация. Интернет» (Варшава қ., Польша, 2016 ж. 5-9 мамыр) халықаралық ғылыми конференциясында; ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда: «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы» (Астана, 2015, №5); «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» «Филология сериясы» (Алматы, 2015, №4); «Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы» (Көкшетау, 2016, №1); «Наука и жизнь Казахстана» (Астана, 2017, №1) халықаралық ғылыми-танымалдық журналда; халықаралық ғылыми журналдарда: «Медиалингвистика» халықаралық ғылыми журналы (РИНЦ, Санкт-Петербург, 2016, №3); Applied Linguistics (2016, №37); American Journal of Philology (2016, №137); Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабарлары «Филологиялық ғылымдар» сериясында (Алматы, 2016, №3); Linguistica Juvenis (Екатеринбург, 2017, №19); «Славянская фразеология в современных СМИ (публицистический дискурс)» / под ред. Х. Вальтера, В.М. Мокиенко, Ж. Финк. –Грайсвальд: ун-т. Им. Эрнста Морица Арндта г. Грайсвальд, Германия, 2017 ұжымдық монографияның «Источники газетных заголовков (на материале казахстанских СМИ)» тарауында ұсынылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері **жұмыстың құрылымы мен мазмұнын** анықтады.

Кіріспедезерттеудің таңдалған тақырыбының өзектілігі негізделді, зерттеудің мақсаты мен міндеттері берілді, диссертацияның нысаны мен пәні, әдістемесі және негізгі әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық маңызы мен практикалық құндылығы анықталды.

Бірінші тарауда тақырыпаттарды зерттеу барысындағы отандық және шетелдік ғалымдардың негізгі жетістіктері қарастырылды, фразеологизмдерді тақырыпат ретінде пайдалану мүмкіндіктерімен байланысты фразеологияның негізгі ұғымдары талданды.

Екінші тарауда тақырыпат-фразеологизмдерді тасымалдаудың негіздері мен базалық ұғымдары, тәсілдері мен түрлері, сонымен қатар қайта құрылған тақырыпат-фразеологизмдердің негізгі функциялары ұсынылды. Тасымалданған тақырыпат-фразеологизмдердің негізгі дереккөздері: көркем шығармалар – 25%, мақал-мәтелдер – 22%, фразеологизмдер – 16%, халық және эстрада әндері – 17%, көркем, құжаттамалық, мультипликациялық

фильмдер, теле- және радио бағдарламалар – 10%, сөйлеу клишелері – 8%, библеизмдер –2%. Тақырыпат функцияларын жинақтау жүзеге асырылды: *жалпы сөйлеу функциялары* – номинативтік, референттік, фатикалық, ақпараттық, коммуникативтік, прагматикалық функциялар (қоғамдық санаға әсер ететін және әлеуметте әлемнің бейнесін қалыптастыратын); *тақырыпат құрамындағы* тасымалданған *фразеологиялық бірліктердің функциялары* – экспрессивті-сипаттаушы, эмоционалды-бағалау және интеллектуалдандыру, сатиралық / әзіл эффектісін құру тілдік құралдарды үнемдеу функциясы және анықтаушы функция.

Үшінші тарауда тақырыпатының мақала мәтінімен сәйкестігі бойынша сарапшылармен жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ұсынылды: а) тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттарды бақылау топқа қарағанда сарапшылар жақсы таныды (93% vs. 78%); сарапшы-филологтар сарапшы-журналистерге қарағанда кәсіби нәтижелер көрсетті (40% vs. 38%); б) тасымалданған фразеологизм-тақырыпаттардың алғашқы негіздерін қалыптастыру екі топ үшін де қиындық туындатты (сарапшылар тобы – 78% vs. бақылау тобы – 58%); в) тақырыпат мен мақала мәтіні арасындағы проспективті-ретроспективті байланыстар төмендегідей анықталды: толық сәйкестікті сарапшылар тобының 58% және бақылау тобының 46%; жартылай сәйкестікті сарапшылардың 28% және бақылау тобының 42%; толық сәйкеспеушілікті сарапшылардың 14% және бақылау тобының 12% анықтады. Анықталған коммуникативтік сәтсіздіктер тасымалданған фразеологизмдерді қазақстандық орыстілді газеттер мен жаңалық сайттарындағы мақалалардың авторларын тақырыпаттар құрамында ойланбай қолданудан сақтауы тиіс.

*Қорытынды*да зерттеудің негізгі нәтижелері берілді және мәселенің әрі қарай зерттелуінің жолдары белгіленді.

Қосымшаларда сарапшы сауалнамасының сауалнамасы, тасымалданған тақырыпат-фразеологизмдердің және мақалалардың үлгілері ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері қазақстандық орыстілді газеттер мен жаңалық сайттарындағы мақалалардың тақырыпаттары ретінде тасымалданған фразеологизмдердің қызметін кешенді талдаудың маңызы мен өзектілігін растады.

Тақырыпат ретінде фразеологиялық бірліктерді өзгертіп және өзгертпей қолдану аудиторияға әсер етудің маңызды құралы, тақырыпатты айқын, боямалы түрде беруге және жарияланатын ақпаратқа қатысты өз бағасын бейнелік формада жеткізуге мүмкіндік береді. Осындай тақырыпаттарды қолдануға негіз болатын экспрессия олардың жалпы танымалдылығына негізделеді. Газет және жаңалық сайттарындағы тақырыпаттар арқылы экспрессияны жеткізудің лексикалық және фразеологиялық тәсілдері (тақырыпат стандартты фразеологиялық бірліктерді, авторлық неологизмдерді, перифразаларды, тілдік бірліктердің әртүрлі тасымалдануын енгізу және т.б.) көп.

Тасымалданған фразеологиялық бірліктерді және олардың әсерін қабылдауда оқырманның жеке қабілеттерінің, автормен бірдей жалпы мәдени

фонының және құзыреттерінің болуының (немесе болмауының), сауаттылығының маңызды екендігі зерттеу барысында анықталды. Эксперимент барысында алынған деректерге сай, автор мақала тақырыптары реципиентінің кім екендігін, оқырман аудиториясын, оның жалпы мәдени фонының деңгейін, қажетті функционалды (оқырман ретіндегі) сауаттылығын нақты білуі тиіс.